



## Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2024 жылғы 29 ақпандағы № 10/39 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 6 наурызда № 6566-09 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 2026 жылғы 10 наурыздағы № 16/57 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қаласының әкімдігінің 10.03.2026 № 16/57 қаулысымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Приозерск қаласының сайлау комиссиясымен бірлесіп барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Қарағанды облысы Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 2/1 "Приозерск қаласының аумағында Қазақстан Республикасы Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісіне партиялық тізімдер бойынша, облыстық және қалалық мәслихат депутаттарына үміткерлерінің сайлаушылармен кездесу өткізу үшін үй-жайларды және үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау туралы" ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3648 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Приозерск қаласының әкімі*

*М. Ахметов*

"КЕЛІСІЛДІ":

Приозерск қалалық  
сайлау комиссиясы

Приозерск қаласының әкімдігінің  
2024 жылғы 29 ақпандағы  
№ 10/39  
қаулысына қосымша

**Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар**

№	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
1	Приозерск қаласы	Көкжиек көшесіндегі "Березка" дүкеніне қарама-қарсы ақпараттық тақта
2	Приозерск қаласы	Балқаш және Кисунько көшелерінің қиылысындағы ақпараттық тақта
3	Приозерск қаласы	Кисунько көшесіндегі "Грей" дүкені ғимаратының алдындағы ақпараттық тақта
4	Приозерск қаласы	Пушкин көшесіндегі "777" дүкеніне қарама-қарсы ақпараттық тақта
5	Приозерск қаласы	Б. Момышұлы көшесі, № 12/1 үйдің артқы жағындағы ақпараттық тақта

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК